



**«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНКІ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**
(Қазақстан Республикасы, А26М3К5, Алматы қ., Медеу ауд., Әл-Фараби даңғ., 40-үй)

**«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ
АКЦИОНЕРЛЕРІ ҮШІН АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА**

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ (бұдан әрі – Банк) 2023 жылғы 25 мамырда өткен акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбестен Банк акционерлерінің сырттай дауыс беру арқылы жылдық жалпы жиналысында Банктің 2022 жылғы қызметі нәтижелері бойынша Банктің жай акциялары (ISIN KZ000A0LE0S4) бойынша дивидендтерді төлеу жөнінде қабылданған шешімі туралы хабарлайды:

бір жай акцияға есептелген дивиденд мөлшері: 25,38 теңге;

дивидендтерді төлеу басталатын күн: 2023 жылғы 6 маусым;

дивидендтерді төлеу тәртібі және нысаны:

дивидендтерді алуға құқылы акционерлердің тізімі жасалатын күн 2023 жылғы 31 мамырдағы күннің басындағы жағдай бойынша (Алматы қаласының уақыты бойынша 00 сағат 00 минут);

дивидендтерді төлеу нысаны – қолма-қол ақшасыз.

Банк акционерлеріне төленуі тиіс дивидендтер сомасы 276 851 990 363,76 теңгені құрайды.

Банк дивидендтер төлеу кезінде «Қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету және (немесе) оны қалпына келтіру үшін мемлекет бюджетінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және (немесе) оның еншілес ұйымдарының қаражаты пайдаланылатын екінші деңгейдегі банктің жай және (немесе) артықшылықты акциялар және (немесе) мерзімсіз қаржы құралдары бойынша пайданы бөлу, дивидендтер есептеу, сондай-ақ меншікті акцияларды кері сатып алуды жүргізу талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 27 сәуірдегі № 21 қаулысында (бұдан әрі - Талаптар) көзделген ережелер мен талаптардың орындалуын қоса алғанда, қолданыстағы заңнаманың барлық талаптарын сақтайды.

Талаптарға сәйкес Банк «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ (бұдан әрі – ҚОК) депозитін ("Қазкоммерцбанк" АҚ қосылған кезде Банк балансына өткен) ішінара мерзімінен бұрын қайтаруға 28,4 млрд теңге немесе Банк капиталындағы ҚОК депозиті бойынша дисконт үлесін білдіретін төленетін дивидендтер сомасының 10,26% жібереді.

Құрметті акционерлер, Банк акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде сіздің жаңартылған деректемелеріңіз туралы мәліметтер болмаған жағдайда, дивидендтерді алу үшін сізге:

1) «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-қа (бұдан әрі – Орталық депозитарий) тиісті құжаттарды ұсына отырып, Банк акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу үшін қажетті (оның ішінде банк шотының деректемелері туралы) мәліметтердің өзгеруі туралы мынадай мекенжайлар бойынша:

Қазақстан Республикасы, 050040/A15P5B5, Алматы қ., Сәтбаев к-сі, 30/8 үй, 163-тұрғын емес үй-жай (байланыс телефоны: 8 (727) 355 47 60, 262 08 46);

немесе «Қазпочта» АҚ офистерінде орналасқан трансфер-агент офистеріне; және (немесе)

2) олардың тізбесі мен мекенжайлары <https://halykbank.kz/about-bank/akcioneram> (орыс тілінде), <https://halykbank.kz/kz/about-bank/akcioneram> (қазақ тілінде) және

<https://halykbank.kz/en/about-bank/akcioneram> (ағылшын тілінде) сілтемелері бойынша Банктің корпоративтік сайтында орналасқан Банктің Дербес сервис орталықтарына жүгіну қажет.

Бұл ретте брокерлердің клиенттері болып табылатын Банк акционерлері дивидендтер алу үшін номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде өз деректемелерін жаңарту үшін брокерлеріне хабарласуы қажет.

Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі келесі күннен бастап күнтізбелік тоқсан күн өткенге дейін (**2023 жылғы 23 тамызда дейін**) Банк дивидендтерді акционерлер дивиденд төлеу үшін қажетті өз деректемелерін жаңартуына қарай төлейтінін қосымша хабарлаймыз.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңының 23-бабының талаптарына сәйкес Банкте немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтердің болмауына байланысты есептелген, бірақ төленбеген дивидендтерді Банк заңнамада белгіленген мерзімдерде талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін Орталық депозитарийде ашылған шотқа аударатын болады. Осылайша, тиесілі дивидендтер алынбаған жағдайда, Банк акционерлері **2023 жылғы 31 тамыздан кейін** Банктің жай акциялары бойынша есептелген дивидендтерді алу үшін Орталық депозитарийге жүгінуі қажет.

Олардың базалық активтері «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың жай акциялары болып табылатын Жаһандық Депозитарлық Қолхаттардың (бұдан әрі – ЖДҚ) иеленушілері үшін арнайы ескерту:

ЖДҚ ұстаушыларына дивидендтер төлеу рәсімі туралы ақпаратты The Bank of New York Mellon-да, 240 Гринвич-стрит, 8-қабат, Нью-Йорк NY, 10286U.S.A. (бұдан әрі - Депозитарий) алуға болады.

Қосымша ақпарат алу үшін ЖДҚ иеленушілері Депозитарийге хабарласа алады:

Мира Даскаль ханым, телефоны: +1 212 815 5021, электрондық поштасы: mira.daskal@bnymellon.com

Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу мәселелері бойынша қосымша ақпарат алу үшін Банк акционерлері Топ капиталын басқару департаменті қызметкерлерінің байланыс телефондарына хабарласа алады: +7 727 330 12 07, +7 727 244 76 94, +7 727 259 03 04, +7 727 330 15 46, +7 727 259 05 99.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ